

«ШЫҒЫСТАН» - жаңа өнім

Еуразиялық Топ (ERG) құрамындағы Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясы «Шығыс» кенішінің ұжымы «Қазхром» ТҰК» АҚ Ақсу ферроқорытпа зауытына фракцияланған көмірдің алғашқы легін тиеді.



Күрделі тау-кен геологиялық жағдайында және Екібастұз алабының дәстүрлі энергетикалық көміріне сұраныс төмендеген шақта «Шығыс»

кеніші өзі үшін жаңа сегмент түрінде сапасы жоғары классификацияланған көмір түрін шығарып, өткізу нарығын кеңейте бастады. Сөйтіп, Ақсу

ферроқорытпа зауытына күлі аз (37,5%) шығатын, фракциясы 10-100 мм және калориялылығы жоғары (4503 кг/ккал), салмағы 4896 тонна сұрыпталған көмір жөнелтілді.

– Жасалған өндірістік тәжірибе негізгі тұтынушыларымыздың күлділігі төмен фракцияланған көмірді пайдалану кезінде техникалық-экономикалық көрсеткіші айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Өткен жылы «Шығыс» кеніші мен Ақсу ферроқорытпа зауытының қызметкерлері бірлесіп хромды, кремнийді және мырышты қорыту кезінде таңбасы КСН энергетикалық көмірін пайдалану жарамдылығын анықтауға бағытталған бірқатар зертханалық және тәжірибелік жұмыстар атқарды, - дейді «Шығыс» кенішінің директоры Юрий Гончаров. – Көмірдің сапасы мен оны реттеу тәсіліне қайта оралсақ, бүгінгі таңда біз көмірді байытудың бірнеше түрін қарастырдық, оны тәжірибелік-өндірістік пайдалану 2018-2019 жылдарға белгіленген. Зерт-

теу барысында тас көмірдің ерекше сипаты ашылды, арнайы жабдықтың технологиялық ерекшеліктері нақтылануда.

Қазіргі таңда «Шығыс» кеніші – күлділігі 43%-ке дейін және 4000 кг/ккал жылу беретін қабілеті бар орташаландырылған көмірді табысты өндіретін Қазақстандағы жалғыз кәсіпорын. «Шығыс» отынының негізгі тұтынушысы – «ЕЭК» АҚ Ақсу электр станциясы орта есеппен 26000 тонна көмір тұтынады, бұл – бір тәулікте өндірілетін көмірдің тең жартысы. Сонымен қатар, энергетикалық көмір Омбы, Павлодар және Рудный ЖЭО-ына жіберіледі.

2017 жылғы 16 маусымда кеншілер «Шығыс» кенішінен көмірдің 550 миллионыншы тоннасын өндірген болатын. Өнімнің өзіндік құнын төмендету мақсатында кеншілер аршу коэффициенті төмен «Шығыс-2» алаңында көмір қыртысын аршумен шұғылдануда.

Е.Гордеева